Тоңазытқыш

Пайдаланушы нұсқаулығы

RS70*/RS80*

Жеке тұрған құрылғы

SAMSUNG

Мазмұны

Қауіпсіздік туралы ақпарат 3

Қауіпсіздік нұсқаулары туралы не білу керек 3
Маңызды қауіпсіздік белгілері және сақтық шаралары 4
WEEE туралы нұсқаулар 22

Орнату 23

Тоңазытқыш бір көзқараспен 23
Орнату қадамдары 26
Кіру үшін есікті шешу 34

Пайдалану 38

Мүмкіндіктер тақтасы 38
SmartThings 43
Диспенсер панелі 47
Арнайы мүмкіндіктер 48

Қызмет көрсету 57

Қарау және күтім 57
Тазалау 59
Ауыстыру 61

Ақаулықты түзету 63

Жалпы 63
SmartThings 70

Қауіпсіздік туралы ақпарат

Жаңа Samsung тоңазытқышын пайдалану алдында, осы нұсқаулықты мұқият оқып жаңа құрылғыңыз ұсынатын мүмкіндіктерді және функцияларды қауіпсіз және тиімді пайдалану жолын білуіңізді қамтамасыз етіңіз.

Қауіпсіздік нұсқаулары туралы не білу керек

- Осы нұсқаулықтағы ескертулер мен маңызды қауіпсіздік нұсқаулары барлық мүмкін шарттар мен оқиғаларды қамтымайды. Құрылғыңызды орнату, қолдау және пайдалануды орындаған кезде саналылы, абайлылықты және қамқорлықты қолдануды ұсынамыз.
- Осы төмендегі пайдалану нұсқаулары әр түрлі модельдерге арналғандықтан, тоңазытқышыңыздың техникалық параметрлері, осы нұсқаулықта сипатталған үлгілерден сәл өзгеше болуы және ескерту белгілерінің кейбіреулерінің сіздің құрылғыңызға қатысы болмауы мүмкін. Егер қандай да бір сұрағыңыз бар болса, жақын жерде орналасқан қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе www.samsung.com сайтынан онлайн көмек және ақпарат алыңыз.
- R-600a немесе R-134a хладагент ретінде қолданады. Тоңазытқыш үшін қайсы хладагент қолданатынын көру үшін құрылғының арқа жағындағы компрессор этикеткасын немесе құрылғы ішіндегі зауыттық тақтайшасын көріңіз. Егер өнім құрамында жанатын газ болса (хладагент R-600a), осы өнімді қауіпсіз қоқысқа тастау үшін жергілікті өкімет органына хабарласыңыз.
- Тоңазыту жүйесінде ағын пайда болған жағдайда, жанатын газ бен ауа араласпасының жасалуының алдын алу үшін, құрылғы орнатылатын бөлменің өлшемі қолданатын хладагенттің көлеміне байланысты.
- Егер құрылғыда кез келген зақым белгісі болса, оны іске қоспаңыз. Шүбәніз болса, дилерге хабарласыңыз. Құрылғы ішіндегі R-600a хладагентінің әр 8 г үшін бөлме көлемі 1 м^3 болуы тиіс. Құрылғыңыз ішіндегі идентификациялау тақтасында көрсетілген хладагент көлемі көрсетілген.

- Құбырлардан шашырайтын хладагент оталдыруы немесе көзді зақымдауы мүмкін. Егер хладагент құбырдан шығып тұрса, ашық алауды алыс ұстап, әрбір жанатын затты өнімнен алыс ұстап бөлмені дереу желдетіңіз.
  - Бұл нұсқаудың орындалмауы өртке немесе жарылысқа әкеп соғуы мүмкін.

Маңызды қауіпсіздік белгілері және сақтық шаралары

Осы нұсқаулықтағы барлық қауіпсіздік нұсқауларын орындаңыз.

Осы нұсқаулық төмендегі қауіпсіздік белгілерін пайдаланады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Салғырт пайдалану немесе тиісті қауіпсіздік шараларын сақтамау **ауыр жарақатқа, материалдық зиян және/немесе өлімге әкеп соғуы мүмкін**.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

Салғырт пайдалану немесе тиісті қауіпсіздік шараларын сақтамау **жеңіл жарақатқа және/немесе мүліктің зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін**.

ЕСКЕРТПЕ

Пайдаланушыларға тоңазытқыш пайдасын түсіну немесе көру үшін көмектесетін пайдалы.

Осы ескерту белгілері бұл жерде сізге немесе басқалардың жарақаттануының алдын алу үшін тұр.

Оларды мұқият орындаңыз.

Осы бөлімді оқудан соң, оны қауіпсіз жайда сақтаңыз.

Маңызды қауіпсіздік ескертулері



Ескерту; Өрт қауібі / тұтанғыш материалдар

⚠ ЕСКЕРТУ

- Құрылғыны орналастырған кезде, қорек сымы ұсталмағанына немесе зақымданғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының артқы жағында бірнеше портативті розетканы немесе портативті қуат көздерін орналастырмаңыз.
- Тек ауыз сумен толтырыңыз.
- Ішетін су желісіне қосу
- Желдету жайын құрылғы корпусында немесе орнатылған құрылымында сақтаңыз, кедергілерден бос сақтаңыз.
- Мұз еріту әдісін жылдамдату үшін өндіруші ұсынған заттардан басқа механикалық құрылғылар немесе басқа құралдарды пайдаланбаңыз.
- Хладагент жүйесін зақымдамаңыз.
- Құрылғының тағам сақтау бөліктерінде, егер олар өндіруші ұсынған түрге жатпаса, электр құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғы кемтар, сезім мүкістігі бар, ақыл-есі шектеулі, немесе құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ, не қолдана білмейтін тұлғалар (соның ішінде балалар) пайдалануына арналмаған, сондықтан олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша ғана пайдалануға болады.
- Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және бұл жастан асқан балалар және кемтар, сезім мүкістігі бар, ақыл-есі шектеулі, немесе құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ, не қолдана білмейтін тұлғалар құрылғыны қауіпсіз қолдану және қатерлі жағдайлар туралы нұсқау алғанда немесе тиісті қадағалау бойынша пайдалана алады.

Балалар құрылғымен ойнамауға тиіс. Тазалау немесе күтім көрсету жұмыстарын балалар қадағалаусыз жасамауы тиіс.

- Егер қорек сымы зақымдалған болса, қауіпті болдырмау үшін оны өндіруші, оның қызмет көрсетуші агенті немесе білікті маман ауыстыруы керек.
- Розетка төтенше жағдайларда құрылғыны токтан тез ажырату үшін оңай қол жетімді болуы керек.
  - Құрылғының артқы жағынан тыс жерде болуы керек.
- Аэрозольдық ыдыстар сияқты жарылғыш заттарды осы құрылғыдағы жанғыш отынмен бірге сақтамаңыз.
- Егер өнімде LED шамы болса, шам қаптамасын немесе LED шамын өзіңіз ажыратпаңыз.
  - Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Тек қана өндіруші немесе қызмет көрсету агенті жеткізген LED шамдарын пайдаланыңыз.
- Құрылғымен бірге жеткізілетін жаңа шлангтар қолданылуы керек, ескі шлангты қайта пайдалануға болмайды.
- Тоңазытқыш су кірісі тек ішетін су желісіне қосылған болуы тиіс. Мұз жасайтын құралды дұрыс пайдалану үшін, су қысымы 206 ~ 861 кПа (30 ~ 125 пси) болуы керек.
- Энергияны ең тиімді ретте пайдалану үшін, ішкі заттардың бәрін, мысалы, себеттер, тартпалар, сөрелерді, өндіруші жеткізген күйде сақтаңыз.
- Осы өнімнің ең тиімді ретте энергиясын алу үшін барлық сөрелерді, тартпалар мен себеттерді бастапқы күйінде қалдырыңыз.

Энергия тұтынуды қалай азайтуға болады

- Құрылғыны салқын, құрғақ және жақсы желдетілген бөлмеде орнатыңыз.
- Ол тікелей күн сәулелерінде немесе жылу көзіне (мысалы, радиатор) жақын тұрмауы тиіс.
  - Энергияны үнемдеу үшін желдеткіш немесе торларды қаптамау ұсынылады.
  - Жылы азық-түлікті құрылғыға қоюдан алдын осын суытыңыз.

- Мұздатылған азық-түліктерді еріту үшін тоңазытқышқа салыңыз. Азық-түліктерді тоңазытқышта суыту үшін мұздатылған өнімдердің төмен температураларын пайдалануға болады.
- Құрылғы есігін азық-түліктерді салған немесе алған кезде тым ұзақ ашық ұстамаңыз.
- Есіктің ашық болған уақыты қысқарса, мұздатқышта мұз азырақ болады.
- Тоңазытқыш арқасын жүйелік ретте тазалап тұрыңыз. Шаң энергия тұтынуын көтереді.
- Температураны қажеттігінен төмен орнатпаңыз.
- Тоңазытқыштың негізіндегі және тоңазытқыштың артқы қабырғасында жеткілікті ауа шығынын қамтамасыз етіңіз. Ауа ағынының тесіктерін жаппаңыз.
- Орнатқанда, оң, сол, артқы және жоғарғы жағында ашық орын қалдыру керек. Сонда қуат мөлшері үнемделіп, оның төлемі де азаяды.

Бұл құрылғы үйде және төмендегі жайларда пайдалануға арналған:

- дүкендердегі, кеңселердегі және басқа жұмыс қоршауларындағы қызметкерлер асүй сияқты басқа жайларда;
- фермерлер үйлері және мейрамхана, мотель және басқа тұратын түрдегі жайларда клиенттері арқылы;
- төсек және таңғы ас түріндегі жайларда;
- Кейтеринг және ұқсас бөлшек емес пайдалану жайлары.

Тасымалдау және орнату жайы үшін қатаң ескерту белгілері

⚠ ЕСКЕРТУ

- Құрылғыны тасымалдау және орнатуда тоңазыту жүйесінің ешбір бөлшегі зақымдалмауын қамтамасыз ету үшін назар аударыңыз.
  - Құбырлардан шығатын хладагент оталдыруы немесе көзді зақымдауы мүмкін. Егер ағым анықталса, кез келген алауды немесе мүмкін оталу көзін алдын алыңыз және құрылғы тұрған бөлмені бірнеше минутқа желдетіңіз.
  - Бұл құрылғы құрамында изобутан хладагентінің R-600a) кіші көлемі бар, бұл қоршаған ортаға зиян келтірмейтін табиғи газ, бірақ ол жанатын. Құрылғыны тасымалдау және орнатуда тоңазыту жүйесінің ешбір бөлшегі зақымдалмауын қамтамасыз ету үшін назар аударыңыз.
- Тоңазытқышты тасымалдау және орнатуда, тоңазытқыш арқасындағы су шлангына тимеңіз.
  - Бұл тоңазытқышты зақымдауы мүмкін және нәтижесінде су диспенсерін пайдалануға болмайды.

Маңызды орнату ескертулері

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тоңазытқышты дымқыл жайда орнатпаңыз немесе ол суға тиюі мүмкін жайға қоймаңыз.
  - Электр бөлшектерде зақымдалған оқшаулауы нәтижесінде тоқ соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Бұл тоңазытқышты тікелей күн сәулелеріне қоймаңыз немесе пеш, бөлме жылытқыштары немесе басқа құрылғыларға жақындатпаңыз.
- Бірнеше құрылғыларды бірдей бірнеше қуат жолағына қосуға болмайды. Тоңазытқыш әрдайым өз индивидуалды электр розеткасы болып, оның кернеуі тоңазытқыш зауыттық тақтайшасында жазылған кернеуге сай болуы тиіс.
  - Бұл ең жақсы жұмысты қамтамасыз етіп, үй сымдық жүйелерін артық жүктелуінің алдын алады, ал бұл сымдар қызып кетуінен өрт қауібінің себебі болуы мүмкін.

- Егер қабырға розеткасы бос тұрса, тоқ ашасын салмаңыз.
  - Электр тоқ соғу немесе өрт қауібі бар.
- Бүтін ұзындығында немесе екі ұшында сынықтары бар немесе тозған тоқ кабелін пайдаланбаңыз.
- Тоқ кабелін орамаңыз немесе үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Қуат сымын тартпаңыз немесе қатты майыстырмаңыз.
- Қуат сымын ширатуға немесе байлауға болмайды.
- Қуат сымын темір затқа ілуге, қуат сымның үстіне ауыр зат қоюға, қуат сымын бір заттардың арасына тығуға немесе қуат сымын құрылғының артындағы бос аралыққа орналастыруға болмайды.
- Тоңазытқышты жылжытқанда қуат сымын бурамаңыз немесе зақымдамаңыз.
  - Электр тоғы ұруы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқышты ешқашан тоқ кабелінен тартып ажыратпаңыз. Тұтқаны әрдайым қатты ұстап розеткадан тікелей тартпаңыз.
  - Кабель зақымдалғаны қысқа тұйықталу, өрт және/немесе электр тоқ соғуына алып соғуы мүмкін.
- Тоңазытқыш жанында аэрозольді пайдаланбаңыз.
  - Тоңазытқыш алдында аэрозольдерді пайдалану жарылыс немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Бұл құрылғыны қыздырғыштың немесе тұтанғыш заттардың қасына орнатпаңыз.
- Бұл құрылғыны газ шығуы мүмкін жерлерге орнатпаңыз.
  - Электр тоғы ұруы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Бұл тоңазытқышты пайдалану алдында оны нұсқаулық бойынша дұрыс жайластырып орнату керек.
- Тоқ ашасын дұрыс және кабель асылып тұратын күйде салыңыз.
  - Егер тоқ ашасын теріс күйде қоссаңыз сым кесіліп өрт немесе электр тоқ тоғуына алып келуі мүмкін.
- Тоқ кабелі тоңазытқыш арқасында бұзылмауын немесе зақымдалмауын қамтамасыз етіңіз.

- Орам материалдары балалар қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
  - Егер балалар орам материалын басына киісе, өлім немесе буыну қауіпі бар болады.
- Бұл құрылғыны ылғалды, майлы немесе шаңды жерге, күннің жарығы тура түсетін немесе су (жаңбыр тамшылары) жерге орнатпаңыз.
  - Электр бөлшектердің зақымдалған оқшаулауы нәтижесінде тоқ соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Егер тоңазытқыш ішінде шаң немесе су болса, тоқ ашасын шығарып Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Әйтпесе, өрт шығу қауіпі бар.
- Құрылғының үстіне шығып тұрмаңыз немесе зат (кір, жанып тұрған шамдар, тұтатылған шылым, ыдыстар, химикаттар, темір заттар т.с.с.) қоймаңыз.
  - Бұл электр тоғы ұруына, өртке, өнімге зиян келуіне немесе жарақатқа әкеп соғуы мүмкін.
- Өнімді қосудан алдын бүтін қорғағыш пластик пленканы алып тастау керек.
- Балалар есікті реттеуге арналған серіппелік сақиналармен немесе су құбыры қысқыштарымен ойнамауын бақылаңыз.
  - Егер бала серіппелі сақинаны немесе су құбыры қысқышын жұтып жіберсе буыну себебінен өлу қауіпі бар болады. Серіппелі сақина және су құбыры қысқыштарын балалар қолы жетпейтін жайда сақтаңыз.
- Тоңазытқышты қауіпсіз ретте жерге қосу керек.
  - Құрылғының кез келген бөлігін тексеру немесе жөндеуден алдын тоңазытқыш жерге қосылғанына көз жеткізіңіз. Тоқ ағыны тоқ соғуына алып келуі мүмкін.
- Жерге қосу үшін ешқашан газ құбырларын, телефон сымдарын немесе басқа мүмкін найзағай тартатын заттарды пайдаланбаңыз.
  - Тоқ жоғалуының немесе тоңазытқыштан шығатын тоқ арқылы тоқ соғуының алдын алу үшін тоңазытқышты жерге қосыңыз.
  - Бұл тоқ соғуына, өртке, жарылысқа немесе өнімге зиян келуіне әкеп соғуы мүмкін.

- Қуат ашасын қабырғадағы розеткаға дұрыс сұғыңыз. Зақымдалған соқ ашасын, зақымдалған тоқ кабелін немесе бос қабырға розеткасын пайдаланбаңыз.
  - Электр тоғы ұруы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқыш сақтандырғышын білікті техник немесе қызмет көрсету орталығы орнатуға тиіс.
  - Бұл нұсқаудың орындалмауы электр тоғы ұруына немесе жеке жарақатқа әкеп соғуы мүмкін.

Орнату қауіптері

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Тоңазытқышты ол қоршауы кең болатын, жазық жерге орнатыңыз.
  - Егер тоңазытқыш тең тұрмаса, тоңазыт тиімділігі және тұрақтылығы кемеюі мүмкін.
- Құрылғыны орнатып қосқаннан соң азық-түліктерді салу алдында оны 2-3 сағатқа қалдырыңыз.
- Біз тоңазытқышты маманды техник немесе қызмет көрсету орталығына орнатуды ұсынамыз.
  - Бұл нұсқаудың орындалмауы электр тоғы ұруына, өртке, жарылысқа, өнімнің зақымдалуына не адам жарақатына әкеп соғуы мүмкін.

Маңызды пайдалану ескертулері

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тоқ кабелін қабырға розеткасына дымқыл қолмен салмаңыз.
  - Бұл электр тоғы соғуына әкелуі мүмкін.
- Құрылғы үстінде заттарды жинамаңыз.
  - Әйтпесе тоңазытқыш есігін ашқан немесе жапқан кезде заттар түсіп жеке жарақаттану және/немесе заттар зақымдануына алып келуі мүмкін.

- Қолды, аяқты немесе метал заттарды (мысалы, тамақтану таяқшалары т.б.) тоңазытқыштың арқасына немесе астына қоймаңыз.
  - Электр тоғы ұруы немесе жарақат болуы мүмкін.
  - Кез келген өткін бұрыштар жеке жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- Мұздатқыштың ішкі қабырғасын немесе мұздатқышы ішіндегі азық-түліктерді су қолмен ұстамаңыз.
  - Бұл үсуге алып келуі мүмкін.
- Су толы контейнерді тоңазытқыш ішіне қоймаңыз.
  - Егер төгілсе, өрт немесе тоқ соғу қауібі пайда болады.
- Аса ұшпа немесе жанатын нысандарды немесе зат тектерді (бензин, сұйылтқыш, пропан газ, алкоголь, эфир, сұйылтылған мұнай газы және басқа ұқсас өнімдер) тоңазытқышқа салмаңыз.
  - Бұл тоңазытқыш тек азық-түліктерді сақтауға арналған.
  - Бұл өртке немесе жарылысқа әкеп соғуы мүмкін.
- Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалануы тиіс.
  - Саусақтарды қысылуы мүмкін жайлардан ары ұстаңыз. Есіктер мен шкаф арасындағы қашықтық керек болғанынша қысқа. Есікті ашқанда аймағында балалар тұрмауына көз жеткізіңіз.
- Саусақтарыңызды немесе балалардың саусақтарын есіктердің арасына қоймаңыз.
  - Сол және оң есік бос орындарынан саусақтарыңызды алыс ұстаңыз. Есіктерді ашқанда арасында саусақтар тұрмауына көз жеткізіңіз.
- Балалар есік немесе есік бөлмелерінде асылмауын қамтамасыз еткіңіз. Әйтпесе қатаң жарақат соғуы мүмкін.
- Балаларды тоңазытқыш ішіне кіргізбеңіз. Олар есік жабылып қалып кетуі мүмкін.
- Дымқыл қолдарды құрылғы астындағы аймаққа салмаңыз.
  - Кез келген өткін бұрыштар жеке жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- Тоңазытқышта фармацевтика өнімдерін, ғылымдық материалдарды немесе төмен температураларға сезімтал басқа өнімдерді сақтамаңыз.
  - Қатал температура бақылауын талап ететін басқару элементтері тоңазытқышта сақталуы қажет.

- Егер дәрі немесе түтін сезсеңіз, дереу тоқ ашасын шығарып Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Егер тоңазытқыш ішінде шаң немесе су болса, тоқ ашасын шығарып Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Әйтпесе, өрт шығу қауібі бар.
- Балалар тартпаға басуына жол бермеңіз.
  - Тартпа сынып олар сырғып кетуі мүмкін.
- Тоңазытқыш бақылауысыз болғанда есіктерін ашық қалдырмаңыз және балаларға тоңазытқыш ішіне кіруіне жол бермеңіз.
- Бөбек және балалар тартпаға кіруіне жол бермеңіз.
  - Бұл қысылу немесе жеке жарақаттану себебінен өлімге алып келуі мүмкін.
- Тоңазытқышқа аса көп азық-түлік салмаңыз.
  - Әйтпесе есігін ашқан кезде заттар түсіп жеке жарақаттану немесе заттар зақымдануына алып келуі мүмкін.
- Құрылғының сыртқы бетіне жәндікжойғыш сияқты аса ұшпа заттарды шаңдандырмаңыз.
  - Бұндай заттар адам үшін қауіпті болуымен қатар, электр тоқ ұруына, өртке немесе құрылғыға зиян келуіне әкеп соғуы мүмкін.
- Су диспенсері тесігіне, мұз шығатын жерге немесе мұз жасайтын құралдың шелегіне саусақтарыңызды немесе басқа заттарды тықпаңыз.
  - Жеке жарақат тудыруы немесе материалдық зақым келтіруі мүмкін.
- Тұтанғыш спрей, тұтанғыш нысан, құрғақ мұз, дәрі немесе химикаттар сияқты температураға сезімтал зат тектерді тоңазытқыш жақынына немесе ішіне қоймаңыз.
- Тоңазытқыш ішінде фенді пайдаланбаңыз. Иісті жою үшін тоңазытқыш ішіне жанған майшамды қоймаңыз.
  - Электр тоғы ұруы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Су багын, мұз науасын және су текшелерін ішетін сумен толтырыңыз (минералды су немесе тазаланған су).
  - Бакты шай, шырын немесе спорттық сусынмен толтырмаңыз, бұл тоңазытқышты бұзуы мүмкін.

- Құрылғының үстіне шығып тұрмаңыз немесе зат (кір, жанып тұрған шамдар, тұтатылған шылым, ыдыстар, химикаттар, темір заттар т.с.с.) қоймаңыз. Бұл электр тоғы ұруына, өртке, өнімге зиян келуіне немесе жарақатқа әкеп соғуы мүмкін. Су толы контейнерді тоңазытқыш үстіне қоймаңыз.
  - Егер төгілсе, өрт немесе тоқ соғу қауібі пайда болады.
- Ультрафиолет LED шамына ұзақ уақыт тікелей қарамаңыз.
  - Бұл ультрафиолет сәулелерінен көру кернеуіне алып келуі мүмкін.
- Сөренені теріс салмаңыз. Сөре тоқтатқышы істемей қалуы мүмкін.
  - Әйнекті сөре сынуы себебінен жеке жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- Саусақтарды қысылуы мүмкін жайлардан ары ұстаңыз. Есіктер мен шкаф арасындағы қашықтық керек болғанынша қысқа. Есікті ашқанда аймағында балалар тұрмауына көз жеткізіңіз.
- Егер газ ағымы анықталса, кез келген алауды немесе мүмкін оталу көзін алдын алыңыз және құрылғы тұрған бөлмені бірнеше минутқа желдетіңіз.
  - Құрылғыны немесе қуат сымына тимеңіз.
  - Желдеткіш қолданбаңыз.
  - Ұшқын шығып, жарылыс немесе өртке ұласуы мүмкін.
- Бөтелкелерді бір біріне тығыз күйде салу керек, осында олар түсіп кетпейді.
- Бұл құрылғы тек қана азық-түліктерді үйде сақтауға арналған.
- Су диспенсері тесігіне, мұз шығатын жерге немесе мұз жасайтын құралдың шелегіне саусақтарыңызды немесе басқа заттарды тықпаңыз.
  - Жеке жарақат тудыруы немесе материалдық зақым келтіруі мүмкін.
- Тоңазытқышты өзіңіз жөндеуге, бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекет етпеңіз.
- Стандартты сақтандырғыштан басқа (мыс, темір сым т.с.с.) сақтандырғышты пайдаланбаңыз.

- Егер тоңазытқышты жөндеу немесе қайта орнату керек болса, ең жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Бұл нұсқаудың орындалмауы электр тоғы ұруына, өртке, өнімнің зақымдалуына не адам жарақатына әкеп соғуы мүмкін.
- Егер тоңазытқыштан жану иісі немесе түтін жықса, тоңазытқышты дереу тоқтан ажыратып Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Бұл нұсқаудың орындалмауы электр немесе өрт қауібіне әкеп соғуы мүмкін.
- Тоңазытқыш ішкі шамын алмастырудан алдын, қуат штепселін ажыратып қойыңыз.
  - Әйтпесе, тоқ соғу қауібі бар.
- LED болмаған шамды алмастыруда ақаулықтар болса, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз..
- Қуат ашасын қабырғадағы розеткаға дұрыс сұғыңыз.
- Зақымдалған соқ ашасын, зақымдалған тоқ кабелін немесе бос қабырға розеткасын пайдаланбаңыз.
  - Электр тоғы ұруы немесе өрт шығуы мүмкін.

Пайдалану қауіптері

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Ерітілген тағамды қайта мұздатпаңыз.
  - Мұздатылған және еріген тамақ жаңа зиянды бактерияларды тезірек көбейтеді.
  - Екінші еру қосымша жасушаларды бұзып өнімнің тұтастығын өзгертуге және ылғалдандыруға мүмкіндік береді.
- Етті бөлме температурасында ерітуге болмайды.
  - Қауіпсіздік шикізаттың дұрыс өңделгеніне байланысты болады.
- Әйнекті бөтелкелерді немесе көпіршікті ішімдіктерді мұздатқышқа қоймаңыз.
  - Контейнер мұздап жарылуы және жарақатқа әкеп соғуы мүмкін.
- Тек тоңазытқышпен бірге берілген мұз жасайтын құралды пайдаланыңыз.
- Егер ұзақ уақыт үйде болмасаңыз, (мысалы, демалыста) және су немесе мұз диспенсерлерін ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, су клапанын жабыңыз.
  - Әйтпесе су ағып кетуі мүмкін.
- Егер тоңазытқышты аса ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, (3 апта немесе одан ұзақ) тоңазытқышты мұз себетімен босатып, ашасын шығарыңыз, су клапанын жабыңыз, қабырғалар ішіндегі қалған ылғалдықты сүртіңіз және иіс және зең жасалуының алдын алу үшін есікті ашып қойыңыз.
- Өнім ең жақсы жұмыс істеуі үшін:
  - Азық-түліктерді тоңазытқыш арқасындағы желдеткіштерге тым жақын қоймаңыз, себебі бұл тоңазытқыш бөлімінде ауаның айналуына кедергі жасайды.
  - Азық-түліктерді тоңазытқышқа салу алдында жақсы ораңыз немесе ауа кірмейтін контейнерге салыңыз.
  - Мұздатылған азық-түліктердің максималдық сақтау уақыттарын және сақтау мерзімдерін ескеріңіз.

- Егер үш аптадан кемі жоқ болсаңыз, тоңазытқышты тоқ жабдықтауынан ажырату қажеттілігі жоқ. Бірақ, үш аптадан ұзағына жоқ болсаңыз, барлық азық-түліктерді және мұз себетінен мұзды шығарып, ашасын шығарыңыз, су клапанын жабыңыз, қабырғалар ішіндегі қалған ылғалдықты сүртіңіз және иіс және зең жасалуының алдын алу үшін есікті ашып қойыңыз.

- Қызмет көрсету кепілдігі және өзгерту.
  - Осы аяқталған құрылғыда 3-ші тарап орындаған кез келген өзгертулері үшін Samsung кепілдік қызметімен қапталмайды, және Samsung 3-ші тарап өзгертулері себебіндегі пайда болатын қауіпсіздік мәселелері үшін жауапкер болмайды.
- Тоңазытқыш ішіндегі ауа желдеткіштерін қаптамаңыз.
  - Егер ауа желдеткіштері қапталса, әсіресе пластик қаппен, тоңазытқыш аса суып кетуі мүмкін. Егер тоңазыту уақыты тым ұзақ созылса, су сүзгісі сынып су ағуына алып келуі мүмкін.
- Тек тоңазытқышпен бірге берілген мұз жасайтын құралды пайдаланыңыз.
- Ішкі жағындағы артық ылғалды сүртіп алыңыз да, есіктерді ашық қалдырыңыз.
  - Әйтпесе иіс шығып кетуі немесе іші көгеруі мүмкін.
- Егер тоңазытқыш тоқ жабдықталуынан ажыраған болса, кемінде бес минут күтіп сосын қайта қосыңыз.
- Егер тоңазытқыш ішінде су болса, тоқ ашасын шығарып Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Ешбір әйнекті бетке қатты соқпаңыз немесе қатты күш істетпеңіз.
  - Сынған әйнек жеке жарақатқа және/немесе мүліктің зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.
- Су багын, мұз текшелері науаларын тек қана ішетін сумен толтырыңыз (кран суы, минералды су немесе тазаланған су).
  - Бакты шай немесе спорттық сусынмен толтырмаңыз. Бұл тоңазытқышты зақымдауы мүмкін.
- Саусақтарыңыз ұсталуына абайлаңыз.

- Егер тоңазытқышты су басса, жақын жерде орналасқан қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Электр тоқ соғу немесе өрт қауіпі бар.
- Көкөніс майын тоңазытқыштың есіктегі бөлімдерінде сақтамаңыз. Май қатып, дәмі дұрыс болмай пайдалану үшін күрделі болып қалуы мүмкін. Бұдан басқа, ашық контейнерден май ағып есік бөлімі сынуы мүмкін. Май контейнерін ашқаннан соң оны шкаф немесе қойма сияқты салқын және көлеңке жайда сақтау жақсы болады.
  - Көкөніс май мысалдары: зәйтүн майы, жүгері майы, жүзім майы, т.б.

Тазалау қауіптері

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Суды тікелей тоңазытқыш ішіне немесе сыртына шашыратпаңыз.
  - Өрт немесе тоқ соғу қауіпі пайда болады.
- Тоңазытқыш ішінде фенді пайдаланбаңыз.
- Иісті жою үшін тоңазытқыш ішіне жанған майшамды қоймаңыз.
  - Электр тоғы ұруы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тазалау өнімдерін тікелей дисплейге шашыратпаңыз.
  - Дисплейдегі әріптер жойылуы мүмкін.
- Егер су секілді кез келген бөгде зат құрылғының ішіне еніп кетсе, ашаны розеткадан ажыратып қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Бұл нұсқаудың орындалмауы электр тоғы ұруына немесе өртке әкеп соғуы мүмкін.
- Тоқ ашасының ұштарынан бөгде зат немесе шаңды жою үшін таза, құрғақ шүберекті пайдаланыңыз. Ашаны тазалаған кезде сулы немесе дымқыл шүберекті пайдаланбаңыз.
  - Әйтпесе, өрт немесе тоқ соғу қауіпі пайда болады.
- Құрылғының бетіне суды тура шашып тазалауға болмайды.

- Тазалау үшін бензин, еріткіш немесе Clorox, хлорид сияқты заттарды пайдаланбаңыз.
  - Олар құрылғының сыртын зақымдап, өрт себебі болуы мүмкін.
- Диспенсердің тесігіне саусағыңызды немесе басқа заттарды тықпаңыз.
  - Жеке жарақат тудыруы немесе материалдық зақым келтіруі мүмкін.
- Тазалау немесе қызмет көрсетуден алдын құрылғыны қабырға розеткасынан ажыратыңыз.
  - Бұл нұсқаудың орындалмауы электр тоғы ұруына немесе өртке әкеп соғуы мүмкін.
- Тоңазытқышты тазалау үшін губка немесе жұмсақ шүберекті жұмсақ жуғыш құралмен жылы сумен пайдаланыңыз.
- Терезе спрейі, қыратын тазартқыш, тұтанғыш сұйықтық, тұздық қышқыл, тазартқыш балауыздар, қойылтылған жуғыш заттар, ағартқыштар немесе құрамында мұнай өнімдері бар тазартқыштар сияқты абразивтік немесе қатты тазартқыштарды сыртқы беттерде (есік немесе шкаф), пластик бөлшектерде, есіктерде немесе ішкі төсем және тығыздауыштарға пайдаланбаңыз.
  - Олар материалды қырып зақымдауы мүмкін.
- Суық болған кезде шыны сөрелерді немесе қақпақтарды жылы сумен тазаламаңыз. Шыны сөрелер мен қақпақтар температураның кенет өзгеруіне немесе шабу немесе түсіру сияқты әсерлерге ұшыраған жағдайда бұзылуы мүмкін.

Маңызды қоқысқа тастау ескертулері


⚠ ЕСКЕРТУ

- Осы өнім орам материалдарын қоршаған ортаға зиян келтірмейтін жолмен өңдеңіз.
- Қоқысқа тастаудан алдын тоңазытқыш арқасындағы құбырлар зақымдамағанына көз жеткізіңіз.
- R-600a немесе R-134a хладагент ретінде қолданады. Тоңазытқыш үшін қайсы хладагент қолданатынын көру үшін құрылғының арқа жағындағы компрессор этикеткасын немесе тоңазытқыш ішіндегі зауыттық тақтайшасын көріңіз. Егер тоңазытқыш құрамында тұтанғыш газ болса (хладагент R-600a), осы өнімді қауіпсіз қоқысқа тастау үшін жергілікті өкімет органына хабарласыңыз.
- Осы тоңазытқышты қоқысқа тастау кезінде, есікті/есік тығыздауышын және есік топсаларын алып астаңыз, онда балалар немесе хайуандар ішінде қалып кетпейді. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалануы тиіс. Ішінде қалса, бала зақым алуы немесе буынып өлуі мүмкін.
  - Ішінде қалса, бала жарақаттануы немесе буынып өлуі мүмкін.
- Оқшаулауында циклопентан қолданған. Оқшаулау материалы ішіндегі газдар арнайы қоқысқа тастау әдісін талап етеді. Осы өніміді қауіпсіз қоқысқа тастау үшін жергілікті өкімет органына хабарласыңыз.
- Барлық орам материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз, себебі орам материалдары балаларға зиянды болуы мүмкін.
  - Егер бала қапты басына киісе, ол буынуы мүмкін.

Дұрыс пайдалану үшін қосымша кеңестер

- Егер ток өшсе, электрмен жабдықтау ұйымының жергілікті кеңсесіне қоңырау шалып тоқ қашан келуін сұраңыз.
  - Бір немесе екі сағат ішінде келетін тоқ тоңазытқыш температураларына әсер етпейді. Бірақ, тоқ өшіп тұрғанда есік ашу санын түсіру керек.
  - Егер тоқ өшуі 24 сағаттан ұзақ созылса, барлық мұздаған азық-түліктерді алып тастаңыз.
- Тоңазытқыш тұрақты ретте жұмыс істемеуі мүмкін (тоңазытылған құрамдар еруі мүмкін немесе мұздатылған азық-түліктер бөлімдегі температуралар жылы болып кетуі мүмкін) егер ол ұзақ уақыт қоршаған ауасының температурасы құрылғы арналған температурадан төмен болған жайда тұрса.
- Арнайы азық-түліктер болса, оны тоңазытуда сақтау сипаттары себебінен сақталуына жаман әсер етуі мүмкін.
- Сіздің құрылғыңыз қыраусыз, ол құрылғыны қолмен еріту керегі жоқ. Бұл автоматты орындалады.
- Еріту кезіндегі температура көтерілісі ISO талаптарына сай. Егер құрылғы еріген кезде мұздатылған азық-түліктердің температурасы көтерілуінің алдын алмақшы болсаңыз, мұздатылған азық-түліктерді газетке бірнеше рет ораңыз.
- Толығымен еріп болған азық-түліктерді қайта мұздатпаңыз.
- Екі жұлдыздық бөлімше (бөлімшелер) немесе екі жұлдыздық белгісі
  (**) бар бөлім (бөлімдер) температурасы басқа мұздатқыш бөлімнен (бөлімдерден) аз жоғарырақ болады.
  Екі жұлдыздық бөлімше (бөлімшелер) немесе бөлім (бөлімдер) нұсқаулықта және/немесе жеткізілген күйде негізделген.

WEEE туралы нұсқаулар



Бұл өнімді дұрыс қоқысқа тастау (электрлік және электрондық жабдықтардың қоқыстары)

(Бөлек жинау жүйелері бар елдер үшін жарамды)

Өнімге, оның керек-жарақтарына немесе құжаттарына салынған бұл нышан, құрылғыны және оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағышы, құлақсабы, USB сымы) қолданыс мерзімі аяқталғанда тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды дегенді білдіреді. Қоқысты тиісті түрде тастамаған кезде қоршаған ортаға және адамның денсаулығына келуі ықтимал зиянның алдын алу үшін, бұндай қоқыстарды басқа қоқыстардан бөліп, материал ресурстарын түбегейлі түрде қайта қолдануды алға бастыру мақсатында қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз.

Тұрмыстық құрылғыны қолданушылар, осы заттарды қоршаған ортаға залалсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін осы құрылғыны қайда апарып тапсыру, қалай тапсыру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті мекемеге хабарласып алуына болады.

Заңды тұлғалар өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының шарттары мен талаптарын тексеруі тиіс. Бұл өнімнің және оның керек-жарақтарын қоқысқа тасталатын өзге коммерциялық қалдықтармен араластырмау керек.

Орнату

Осы тоңазытқышты дұрыс орнатуды және оны пайдаланбас бұрын жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін осы нұсқаулықты мұқият орындаңыз.


⚠ **ЕСКЕРТУ**

- Тоңазытқышты тек осы нұсқаулықта сипатталған мақсаттарға ғана пайдаланыңыз.
- Кез-келген қызмет көрсетуді білікті техник орындауы керек.
- Өнімнің қаптама материалдарын жергілікті ережелерге сәйкес қоқысқа тастаңыз.
- Электр тогының соғуына жол бермеу үшін қызмет көрсетуден немесе ауыстырудан бұрын қуат сымын ажыратыңыз.


Тоңазытқыш бір көзқараспен

Модельге және елге байланысты сіздің тоңазытқышыңыздың сыртқы көрінісі әртүрлі болуы мүмкін.


A түрі



В түрі



C түрі



01 Мұздатқыш сөрелер

02 Көпмақсатты мұздатқыш бөлімі

03 Кептірілген тағам және ет сақтау тартпасы

04 Тоңазытқыш бөлімі

05 Тоңазытқыш сөрелері

06 Көкөніс тартпасы

07 Көпмақсатты тартпа

08 Мұз жасағыш шелек **

09 Су ыдысы *

10 Шарап сөресі *

11 Төменгі тоңазытқыш бөлімі

12 Төменгі мұздатқыш бөлімі

13 УК дезодораторы *

14 AOD ТӨЛКЕ *

15 Twist мұз жасайтын құралы *

16 Иіс кетіргіш сүзгі *

* Тек қолданылатын модельдер

** Диспенсері бар үлгілері ғана

ЕСКЕРТПЕ

- Жұмыртқа контейнерінің конструкциясы үлгіге байланысты ерекшеленуі мүмкін.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

Барлық модельдер үшін мұздатқыш сөрелерінің орнын өзгертпеңіз. Мұздатқыш сөрелерде әртүрлі ұзындықтар болады және егер сіз орналасуын өзгерткен болсаңыз, есікті жапқанда өнімге зақым келтіруіңіз мүмкін.

Орнату қадамдары

ҚАДАМ 1 Жайды таңдаңыз

Жайдың талаптары:

- Қатты тегіс бет кілемсіз немесе желдетуге кедергі жасайтын қаптамасыз еден
- Тікелей күн сәулелерінен алыс
- Есікті ашып-жабу үшін жетерлік жай
- Жылу көзінен алыс
- Жөндеу және қызмет көрсету үшін жетерлік аймақ
- Температура аумағы: 5 °C және 43 °C аралығында

Тиімді температура ауқымы

Тоңазытқыш өз класы үшін көрсетілген температура ауқымында қалыпты жұмыс істеуге сәйкес жасалған.


Санаты	Таңба	Қоршаған орта температурасының ауқымы (°C)	
		IEC 62552 (ISO 15502)	ISO 8561
Көбейтілген температура	SN	+10 бастап +32 дейін	+10 бастап +32 дейін
Температура	N	+16 бастап +32 дейін	+16 бастап +32 дейін
Субтропикалық	ST	+16 бастап +38 дейін	+18 бастап +38 дейін
Тропикалық	T	+16 бастап +43 дейін	+18 бастап +43 дейін

ЕСКЕРТПЕ

Суыту жұмысы мен тоңазытқыштың тоқ тұтынуы қоршаған орта температурасына, есік ашылу жылдамдығына және тоңазытқыш орналасуына байланысты. Температура параметрлерін тиісті ретте орнатуды ұсынамыз.


Аралық

Орнатуға арналған жай талаптары үшін суреттер мен кестені қараңыз.



Тереңдігі “A”	716
Ені “B”	912
Биіктігі “C”	1744
Жалпы биіктігі “D”	1786

(өлшем бірлігі: мм)




01 50 мм-ден астам ұсынылады
02 165°
03 165°
04 564 mm
05 1726 mm
06 610 mm
07 908 mm
08 29 mm
09 1165 mm

ЕСКЕРТПЕ


Жоғарыдағы кестеде өлшемдер өлшеу әдісіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

ҚАДАМ 2 Аралық (Тек қолданылатын модельдер)



1. Есікті ашып, берілген тіректі табыңыз.
2. Тірегішті ашып, оны көрсетілгендей тоңазытқыштың артқы жағына бекітіңіз. Ол артқы қабырғаға ауаны желдету және электр қуатын үнемдеуге көмектеседі.

ҚАДАМ 3 Еден



- Тоңазытқышты орнатуға арналған жер толығымен жүктелген тоңазытқышты ұстауы керек.
- Еденді қорғау үшін, тоңазытқыш әр аяғының астына үлкен картонды салыңыз.
- Тоңазытқыш өзінің соңғы орнында болғанда, еденді қорғау үшін қажет болмаса оны жылжытпаңыз. Егер сізге қажет болса, қозғалыс жолында қалың қағазды немесе ескі кілем сияқты матаны пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Егер тоңазытқыш оның өлшеміне байланысты кіре алмаса, Орнату тарауында **Кіру үшін есікті шешу** бөлімін қараңыз.

ҚАДАМ 4 Туралау аяқтарын реттеңіз


⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Тоңазытқышты тегіс, қатты еденде тегістеу керек. Бұлай істемеу тоңазытқышқа нұқсан немесе дене жарақатына келтіруі мүмкін.
- Туралау бос тоңазытқышпен орындалуы керек. Тоңазытқыш ішінде тағамдық заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік себептерінен алғы жағын арқа жағынан аз жоғарырақ реттеңіз.

Тоңазытқышты тегістеу мақсаттары үшін арнайы бұрандамасыы (туралауышы) бар алдыңғы аяқтарын пайдалана отырып реттеуге болады. Туралау үшін тегіс бастық бұрауышты пайдаланыңыз.




Мұздатқыш жағының биіктігін реттеу жолы:
Тегіс басты бұрауышты мұздатқыш жағы алдыңғы аяғының туралауышына салыңыз. Туралуышты сағат тілінің бағытымен бұрап көтеріңіз немесе сағат тіліне қарсы бұрап төмендетіңіз.




Суытқыш жағының биіктігін реттеу жолы:
Тегіс басты бұрауышты тоңазытқыштың жағы алдыңғы туралауышына салыңыз. Туралуышты сағат тілінің бағытымен бұрап көтеріңіз немесе сағат тіліне қарсы бұрап төмендетіңіз.


Артқы жағындағы биіктікті реттеу (Тек қолданылатын модельдер)




Тоңазытқыштың аяқшаларын туралау үшін оның артқы жағын көтеру қажет болса, өніммен бірге жүретін деңгейді реттеу тақтайшаларын пайдалана аласыз. Тоңазытқыштың артқы жағын көтеру үшін осы нұсқауларды орындаңыз.



1. Едендегі деңгейін реттеу тақтайшасын бекітетен жерді таңдаңыз.
2. Деңгейді реттеу тақтасының төменгі жағындағы екі жақты скотчты тазалаңыз.



3. Деңгейді реттеу тақтасын еденге бекітіңіз.



4. Артқы биіктіктін тағы көтеру қажет болса, бірінші деңгейді реттеу тақтасының үстіне тағы бір реттеу тақтасын бекітіңіз.


ЕСКЕРТПЕ

- Тоңазытқышты бір бекітпе төсемі арқылы теңестіре алсаңыз, бұл қадамды өткізіп жіберуге болады.
- Бірінші реттеу тақтасындағы қырлар екінші деңгейді реттеу тақтасының ойықтарына салынғанын тексеріңіз.


ҚАДАМ 5 Есіктің биіктігін, сондай-ақ есік аралықтарын реттеңіз


Есіктің биіктігін реттеу жолы

Есіктің биіктігін әрбір есігінің алдыңғы бөлігінде қысқыш гайкамен және биіктік сомыны көмегімен реттеуге болады.



1. Реттеу үшін есікті ашыңыз да, есіктің алдыңғы бөлігіндегі **(A)** және **(B)** екі сомынды орналастырыңыз.







2. 19 мм тірегішпен (берілмеген), **қысқыш гайканы (A)** сағат тілімен бұрап босатыңыз. Содан кейін, есікті ашыңыз да, есіктің ішіндегі келесі әрекеттерді орындаңыз.
   - Есікті көтеру үшін **биіктік гайксын** (B) сағат тіліне қарсы бұраңыз.
   - Есікті төмендету үшін **биіктік сомынын (B)** сағат тілі бағытында бұраңыз.
3. Аяқталған кезде, **қысқыш сомынды** (A) сағат тіліне қарсы бұрап бекітіңіз.

ҚАДАМ 6 Су диспенсерінің желісін жалғаңыз (Тек қолданылатын модельдер)


Қажет бөлшектер мен құралдар




Су желісін бекіткіш және бұрандалар




Жалғастырғыш




Су желісі



Су сүзгісін бекіту қысқышы




Су сүзгісі



Клапанды тексеріңіз

Орнату (сыртқы диспенсер желісі)



1. Су құбырлар желісін жалғастырғыштар арқылы жинаңыз.
2. Негізгі сумен жабдықтау жүйесін жауып, су шүмегін жабыңыз.
3. Жалғастырғышты суық су шүмегіне жалғаңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Жалғастырғышты суық су шүмегіне жалғауды қамтамасыз етіңіз. Ыстық су құбырына қосу су сүзгісінің бітелуіне әкелуіне және қалыпты жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- Сіздің тоңазытқышыңыздың кепілдігі су құбырын орнатуды қаптамайды. Су құбырын орнату өз шығымыңыз бойынша жүзеге асырылады, егер монтаждау бағасы бөлшек саудада сатылатын болмаса.
- Samsung компаниясы су құбырын орнату үшін жауапты емес. Су ағып кетсе, су құбырының орнатқышына хабарласыңыз.
- Су құбыры білікті мамандармен жөнделуі керек. Су ағып кетсе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына немесе су құбырының орнатушысына хабарласыңыз.

ҚАДАМ 7 Су көзіне қосыңыз (Тек қолданылатын модельдер)


⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Су құбырын білікті маман қосу керек.
- Сіздің тоңазытқышыңыздың кепілдігі су құбырын орнатуды қаптамайды. Су құбырын орнату өз шығымыңыз бойынша жүзеге асырылады, егер монтаждау бағасы бөлшек саудада сатылатын болмаса.
- Samsung компаниясы су құбырын орнату үшін жауапты емес. Су ағып кетсе, су құбырының орнатқышына хабарласыңыз.

Суық су құбырын су сүзгілеу шлангына жалғау

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ


- Су сүзгілеу шлангына суық, ауыз су көзі құбырына жалғанғанын тексеріңіз. Ыстық су құбырына жалғау су сүзгісінде ақаулыққа әкелуі мүмкін.



A. Негізгі су құбырын жабыңыз

B. Ешбір саңылаусыз


1. Негізгі су клапанын жабып суды өшіріңіз.
2. Суық, **ауыз су құбырын (1)** орналастырыңыз.
3. Су құбырына жалғау үшін су құбырын орнату нұсқаулығын орындаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

Құрылғымен бірге жеткізілетін жаңа шлангтар қолданылуы керек, ескі шлангты қайта пайдалануға болмайды.


Су сүзгілеу шлангін су құбырына жалғау



A. Блоктан су құбыры

B. Жинақтан су құбыры


1. **Сығымдау сомынын (a)** тоңазытқыштың су құбырынан босатып алыңыз және оны су сүзгіеу шлангына салыңыз.
2. Су сүзгілеу шлангын және су құбырын жалғау үшін **қысқыш сомынды (a)** тартып қойыңыз.
3. Негізгі су клапанын ашып, кез келген ағып кетуді тексеріңіз.
4. Су ағып кетпесе, суды сүзгілеу жүйесіндегі қоспаларды алып тастау үшін тоңазытқышты пайдаланбас бұрын 10 литр суды жіберіңіз құйыңыз немесе 6 - 7 минут суды жіберіңіз.



5. Су құбырын раковинаға немесе қабырғаға қысқышты пайдаланып бекітіңіз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Су желісін қатты тартпаңыз. Су құбырының бүгілмегенін, қысылып қалмағанын немесе сығылмағанын тексеріңіз.
- Су құбырын тоңазытқыштың ешбір бөлігіне орнатпаңыз. Бұл тоңазытқышты зақымдауы мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

Су құбырын жалғағаннан кейін тоңазытқыш жайын ауыстыру қажет болса, су құбырының біріктірілген бөлімі тікелей болуы керек.

Су желісін жөндеу үшін

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

Су құбыры білікті мамандармен жөнделуі керек. Су ағып кетсе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына немесе су құбырының орнатушысына хабарласыңыз.

Кері осмос су сүзгілеу жүйесі

Сумен жабдықтау жүйесінің кері осмос су сүзу жүйесінде су қысымы 206 кПа (30 psi) мен 861 кПа (125 psi) арасында болуы керек.

Тоңазытқыштың суық сумен жабдықтау жүйесіндегі кері осмос су сүзгілеу жүйесінің су қысымы кем дегенде 206 кПа (30 psi) болуы керек. Егер судың қысымы көрсетілгеннен төмен болса:


- Кері осмос жүйесіндегі шөгінді сүзгінің бұғатталғанын тексеріңіз. Қажет болса, сүзгіні ауыстырыңыз.
- Кері осмос жүйесінде су багын сумен қайта толтырыңыз.
- Егер сіздің тоңазытқышыңызда су сүзгісі болса, ол кері осмос жүйесімен бірге пайдаланылғанда су қысымын одан әрі азайтуы мүмкін. Су сүзгісін алып тастау.

Қосымша ақпарат алу немесе қызмет көрсету үшін, лицензияланған сантехникалық маманға хабарласыңыз.

Жаңа сүзгіге тапсырыс беру

Жаңа су сүзгісін сатып алу үшін (бөлшектер түрі: **HAFEX / EXP**) жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


Су сүзгісін орнына орнату



1. Раковинаның астындағы тиісті орынға **құлыптау қыстырғыштарын** (x2) тіркеңіз. Содан кейін, **құлыптау қыстырғыштарын** бұрандаларды пайдаланып бекітіңіз.
2. **Су сүзгісін** жоғарғы және төменгі қысқыштарға дұрыс бағытта салыңыз. **Су сүзгісінің** тігінен бағытын тексеріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер сүзгі көлденең орнатылған болса, су сүзгіде қалуы мүмкін. Сондықтан тік орнату ұсынылады.



⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

Су сүзгісін тоңазытқыштың кез келген бөлігіне орнатпаңыз. Бұл тоңазытқышты зақымдауы мүмкін.

ҚАДАМ 8 Бастапқы параметрлер

Төмендегі қадамдарды орындаған соң, тоңазытқыштың барлық функциялары істеп тұруы керек.

1. Тоңазытқышты қосу үшін қуат сымын қабырға розеткасына қосыңыз.
2. Есікті ашып, ішкі жарықтың жанып тұрғанын тексеріңіз.
3. Температураны ең суыққа қойып, бір сағаттай күтіңіз. Мұздатқыштың іші сәл салқындап, мотор бірқалыпты істеп тұрады.
4. Тоңазытқыш белгіленген температураға жеткенше күтіңіз. Енді тоңазытқыш пайдалануға дайын.

ҚАДАМ 9 Соңғы бақылау

Орнату аяқталған кезде, келесідей екенін растаңыз:


- Тоңазытқыш электр розеткасына жалғанып, дұрыс жерге қосылған.
- Тоңазытқыш қабырғадан немесе шкафтан ақылға қонымды аралықпен тегіс, жалпақ бетке қойылған.
- Тоңазытқыш тегіс және еденге тығыз отырады.
- Есік еркін ашылады және жабылады, есік ашылған кезде ішкі жарық автоматты түрде қосылады.

Кіру үшін есікті шешу


Егер тоңазытқыш оның өлшеміне байланысты кіре алмаса, мына нұсқауларды орындаңыз:

Қажетті құралдар (берілмеген)


Бұл құралдар есіктерді шешу үшін қолданылады.




Әшекейлі бұрағыш



Тегісбасты бұрағыш




Торцтық кілт (10 мм)



Әмбебап сомын кілті (5 мм)


Су желісін ажыратыңыз



1. Тоңазытқыштың төменгі артқы жағынан су құбырын алдыңғы жағына қарай тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқыштың су құбыры - су көзінен су құбыры мен тоңазытқыштың су сүзу жүйесінен келетін шлангтар арасында қосылатын су айналымының желісі.



2. Шлангтарды ажырату үшін, **мөлдір жалғастырғышты (A)** басып, ұстап тұрыңыз және **су шлангын (B)** шешіңіз.


⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

Жалғастырғышқа көп күш істетпеңіз. Ол бұзылуы мүмкін.


Есіктерді шешіңіз

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ


Есік құлап кетуі мүмкін және осы қадамдардың кез келгенінде зақымдалуы мүмкін. Апаттың алдын алу үшін осы қадамдарды орындау кезінде аса сақ болыңыз.



1. Есіктің жоғарғы жағындағы **топсаның қақпағын** бұрап алу үшін Phillips бұрауышын пайдаланыңыз.




2. Электр шнурын ажыратыңыз.




3. Қысқышты ақырын көтеріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Қысқыштың зақымдалуын немесе адамның жарақаттануын болдырмау үшін қысқышты күшпен көтермеңіз.



4. Алу үшін қысқышты тартыңыз.




5. Есікті 90 градусқа ашыңыз. Есікті ұстап тұрып, топсаны алыңыз.

⚠ **САҚ БОЛЫҢЫЗ**

Есікті ұстамай топсаны алып тастасаңыз, есік құлап, жарақаттауы мүмкін.

Су шлангтарын қайта жалғаңыз

Тоңазытқыш кіргеннен кейін су шлангтарын қайта қосыңыз.



A. Мөлдір қосқыш орталығы

⚠ **САҚ БОЛЫҢЫЗ**

- Су шлангтарының сәйкес келетін түстермен жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Судың ағып кетуін болдырмау үшін әрбір су шлангісін мөлдір жалғастырғыштың ортасына толығымен кіргізу керек.
- Су шлангтарын қайта жалғап болғаннан кейін оларды шкафтың астына итеріңіз және оларды ілгекке орнатыңыз.


Есіктерді қайта орнатыңыз

⚠ **САҚ БОЛЫҢЫЗ**


- Есіктерді қайта орнатпас бұрын барлық электр қосылымдар дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- Мұздатқыштың есігі тоңазытқыштың есігіне дейін қайта орнатылуы керек.




1. Мұздатқыштың есігін ұстап, тоңазытқыштың төменгі жағындағы топсаға іліңіз.




2. Топсаны орнына қойыңыз да, оны есіктегі тесікке салыңыз.




3. Қысқышты көрсеткі бағытымен салыңыз



4. Қысқышты көрсетілгендей басыңыз.



5. Электр шнурын жалғаңыз.




6. Алдымен топсалар қақпақтарын алды жағымен салыңыз, сосын бұрандаларды қатайтыңыз. Бұл қадам үшін Phillips бұрауышты пайдаланыңыз.

Пайдалану

Мүмкіндіктер тақтасы

Негізгі панельдің нақты көрінісі суреттегіден өзгеше болуы мүмкін және негізгі панельдің дизайны ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



01 Тоңазытқыш индикаторы	• Тоңазытқыштың ағымдағы немесе таңдалған температурасын көрсетеді. • Power Cool (қуатты салқындату) функциясының қосулы екенін көрсетелі. • AI Energy (ЖИ қуаты) режимінің жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. (Тек қолданылатын модельдер)
02 Мұздатқыш индикаторы	• Мұздатқыштың ағымдағы немесе таңдалған температурасын көрсетеді. • Power Freeze (қуатты мұздату) функциясы қосулы екенін көрсетеді.
03 Есіктің ашық тұрғаны туралы индикатор	• Бұл индикатор есік 2 минуттан астам ашық қалған жағдайда дабылмен шығарып, жыпылықтайды.

04 Мұз жасағыш индикаторы (Тек қолданылатын модельдер)	Мұз жасайтын құралда жұмыс күйін көрсету үшін 2 индикатор (мұз жасағаш қос./өш.) бар. • Мұз жасағыш жұмыс істеген кезде тиісті индикатор (Мұз жасағыш) қосылады. • Мұз жасағыш өшірілген кезде, тиісті индикатор (Мұз жасағыш өш.) қосылады. • Мұз жасауды қосу үшін, мұз жасағышын қосыңыз.
05 Есікті автоматты түрде ашу (Тек қолданылатын модельдер)	Есікті автоматты түрде ашу функциясында жұмыс күйін көрсететін 2 индикатор бар (Есікті автоматты түрде ашу Қос. / Өш.). • Есікті автоматты түрде ашу жұмыс істегенде, тиісті индикатор (Есікті автоматты түрде ашу қос.) жанады • Есікті автоматты түрде ашу функциясы өшкенде, тиісті индикатор (Есікті автоматты түрде ашу өш.) жанады.
06 Су сүзгісінің индикаторы (Тек қолданылатын модельдер)	• су сүзгісін ауыстыру қажет екенін көрсетеді. • белгішесін көргенде, су сүзгісін ауыстыруға және су сүзгісін ауыстыру дабылын қалпына келтіруге немесе дабылды өшіріп, сүзгіні кейін өзгертуге болады. Қосымша ақпаратты **42**.-беттегі «Су сүзгісін ауыстыру дабылын қалпына келтіру немесе өшіру (Тек қолданылатын модельдер)» бөлімін қараңыз.
07 Желі байланысы индикаторы	• Бұл белгіше тоңазытқыштың желіге қосылғанын көрсетеді. • Тоңазытқышты SmartThings қолданбасынан басқаруға және бақылауға болады. Қосымша ақпаратты **SmartThings** бөлімінен қараңыз.
08 түймелер	• Дисплей өшірулі кезде дисплейді ояту үшін кез келген түймені түртіңіз. • Негізгі панельде қажетті элементті таңдау және кез келген параметр өзгерістерін растау үшін ○ түймесін түртіңіз. • Негізгі панельде таңдалған элементтің параметрлерін өзгерту үшін > немесе < түймесін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Негізгі панель тоңазытқыш пайдаланылмаған кезде өшірулі тұратындай етіп жасалған. Ол есікті ашқанда немесе түймелерді басқанда ғана белсенді болады және жанады.
- Есікті 5 минут ашық қалдырсаңыз, саңырау және нашар еститін пайдаланушыларға есік ашық екенін ескерту үшін ішкі шам 5 минут жыпылықтап, өшеді. Бұл функция қалыпты екенін ескеріңіз.

Қажетті температураны немесе функцияны орнату

Тоңазытқышты немесе мұздатқышты таңдап, өзіңіз қалаған температураны немесе функцияны орнатыңыз.

1. Дисплейді ояту үшін кез келген түймені (< , ○ немесе >) түртіңіз.
   - Бұл қадам кейбір модельдерге қолданылмауы мүмкін.
